

Педагогикалық жасақтар және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың арасында «Біз Қазақстанның тәлімгерлеріміз» тақырыбында тәлімгер шеберлігінің сырттай республикалық форумын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже педагогикалық жасақтар және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың арасында сырттай өтетін «Біз Қазақстанның тәлімгерлеріміз» тақырыбында тәлімгер шеберлігінің республикалық форумның (бұдан әрі – Форум) мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – 2014 жылғы жаз айының қорытындысы бойынша республикадағы колледждердің, жоғары оқу орындарының үздік педагогикалық жасақтар мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың арасындағы ең шығармашыл, кәсіби тәлімгерлерді анықтау және оларды ынталандыру.

Міндеттері:

балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру түрі ретінде педагогикалық жасақтардың қозғалысына оң көзқарас қалыптастыру;

мемлекеттегі педагогикалық жасақтардың қозғалысына қатысушылардың тұлғалық және кәсіби қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мәселелері бойынша озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату;

Қазақстандағы оқу орындары мен педагогикалық жасақтардың арасында кәсіби байланысты нығайту және дамыту.

3. Форумды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Форумды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Форумды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Форум **2015 жылғы 3 сәуір – 30 сәуір аралығында** балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Форумға ұсынылған материалдар байқаудың мақсатына, тақырыбы мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы 30 сәуірге дейін spo.rumcdo@mail.ru электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7172) 249-303 тел/факс, 8-701-189-66-56, 8-747-121-04-86, Салбенбекова Салтанат Даулетханқызы.

8. 2015 жылғы 30 сәуірден кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Форумға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды.

10. Форум материалдарының мазмұнына ұйымдастыру комитеті жауапты емес.

11. Форумның ұйымдастырушылары автордың - қатысушының атын көрсете отырып, жұмысты баспасөзде, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

12. **Форумға қатысу үшін - 3 000 (үш мың) теңге төлемақы төленеді.**

Төлемақы былай жүргізіледі: Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы аталуы: «Біз Қазақстанның тәлімгерлеріміз» форумы. Форумға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын сканерден өткізіп, spo.rumcdo@mail.ru электрондық поштаға жіберу қажет.

13. Форумның қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау мерзімі - **2015 жылғы 15 мамыр.**

3. Форумға қатысушылар және қойылатын талаптар

14. Республикалық Форумға колледждердің, ЖОО-ның педагогикалық жасақтары, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері келесі санаттар бойынша қатысады:

1) 18 жастан 20 жасқа дейінгі жас тәлімгерлер (педагогикалық колледждердің студенттері);

2) 20 жастан 27 жасқа дейінгі тәлімгерлер (педагогикалық ЖОО-ның студенттері);

3) жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері.

15. Форум келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Бейнеролик (бейнеклип)»;

2) «Педагогикалық жоба»;

3) «Педагогикалық жағдайлар»;

4) «Үздік іс-шара сценарийі».

16. Төмендегі талаптарға сәйкес байқау жұмыстары қабылданады.

«Бейнеролик (бейнеклип)» номинациясы. Тақырып: «Лагерьдің өмірінен бір күн» қатысушылар лагерь өмірінен өздерінің бейнеклипін дайындайды.

Қабылданатын форматтар: MPEG1, MPEG2, WMV, DIV-X, XVID, SWF, MKV, AVI. Байқау жұмысының ұзақтылығы 3 минутке дейін болуы керек.

Бағалау өлшемдері:

Музыкалық сүйемелдеу / дыбыс (музыка, дыбыстың немесе дыбыстық файлдың бейнекадрларға сәйкестігі);

сюжеттің тұтастығы;

креативтілігі (бір өзінділігі, күтпеген жағдайы, сюжеттің ерекшелігі);

әсерлілігі (субъективті баға);

презентация жасай алуы.

«Педагогикалық жоба» номинациясы. Тақырып: «Жаңа ғасырдағы – жаңа лагерь». (Слайд-шоу, 30 слайдтан астам болмауы керек. Көркем-музыкалық, мультимедиялық тәсілдермен бірге театрлық педагогиканың элементтерін қолдану арқылы лагерь қызметінің фрагментін суреттеу).

«Педагогикалық жағдайлар» (рөлдік ойындар, сахналау) номинациясы. Қатысушылар балалардың жасы және мәселе көрсетілген 20 жағдайды 1-2 нұсқасы бар жауабымен бірге қосымшаны дайындайды.

«Үздік іс-шара сценарийі» номинациясы. Қатысушы еркін тақырыпта бір ұжымдық-шығармашыл жұмыстың (ҰШЖ) толық және ашық жазылған нұсқасын ұсынады.

Сценарийге қойылатын талаптар:

Сценарий өзіне мыналарды қосады:

- 1) жұмыстың түрі, аталуы және тақырыбы;
- 2) әр кезеңді өткізудің толық сипаттамасы;
- 3) жүргізушілердің толық мәтіні;
- 4) тапсырма, сұрақтардың мәтіні;
- 5) қорытынды шығару әдістері.

Сценарийге қысқаша түсініктеме хат құрылады, онда мыналар көрсетіледі:

- жұмыстың мақсаты мен міндеттері;

- қатысушылардың құрамы – жас мөлшері, саны, басқа да ерекшеліктері;

- өткізілетін орыны мен мерзімі;

- қажетті реквизиттің және жабдықтың, материалдың тізімі.

17. Жалпы талаптар:

Байқау жұмысының титул парағында мынаны көрсету қажет: жұмыстың аталуы, номинациясы, облысы, қала/ауыл, аты-жөні, фамилиясы, автордың жасы, электрондық поштасы, білім беретін ұйымы;

балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайттағы педагогикалық жасақтарға арналған «Жұлдыз» клубының қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желі арқылы) тіркелу қажет;

басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Форумға ұсынылған жұмыстарда: қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністерінің суреттері, адамның немесе

бір топ адамдардың кез келген түрде қадір-қасиетін кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

Ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

18. Бағалау өлшемдері:

өзектілігі;

педагогикалық әрекеттің мақсаттылығы;

қабылдаудың қол жетімділігі және сенімділік;

қолданылған сюжеттің жаңалығы;

ойдың креативтілігі;

тақырыптың тереңділігі және толық ашылуы.

4. Форумның қорытындысын шығару және жеңімпаздарын марапаттау

18. Форумның қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

19. Форумда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Әр номинацияда қатысушылардың жас санаттары бойынша 4 жеңімпаз (бас жүлде, 1, 2, 3 орындар) анықталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.